

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 648 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 421 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 648 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада "Республика Үкіметінің веб-порталдарын" деген сөздер "Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметтің" веб-порталы мен шлюзін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) т а р м а қ ш а д а :

"құру" деген сөзден кейін ", енгізу" деген сөзбен, "сүйемелдеу" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы мақсаттар үшін персоналды оқыту" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына" деген сөздер "Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшада "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың" деген сөздер "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі